

**«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі
шағын орталығымен» коммуналдық
мекемесі бойынша
Педагог-ұйымдастырушының
2023-2024 оқу жылының
жылдық
талдау есебі**

**«Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ бойынша
Мектеп Парламенті өзін –өзі басқару ұйымының жылдық есебі
2023-2024 оқу жылы**

«Құқық және тәртіп» фракциясы

Парламент мақсаты: Еліміздің болашағына алаңдайтын, бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын танып, оқитын, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қастерлейтін, еңбекке төзімді, салауатты, адами құндылықтар бойында қалыптасқан, әділетті, адал, қайсар, ержүрек тұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру

Парламент міндеттері:

- ☐ Міндеттері: білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай өзін-өзі басқару ұйымын дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру.
 - ☐ Ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру
 - ☐ Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, мектепте алған білімін өмірде іске асыру қабілетін дамыту. Балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

Мектеп директоры бұйрығы негізінде Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы құрылды.

Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын қалыптастыру мақсатында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы құрылған

Қыркүйек айында Мектеп парламентінің жылдық жоспары бекітіліп, соған сай жұмыстар атқарылуда. Жоспар бойынша «Мектеп парламент» көшбасшысын және фракция мүшелерін сайлау өткізілді.

«Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлау бойынша 3 үміткер сайлауға түсті.

9-сынып оқушысы Байсағиева Амина

9-сынып оқушысы Рүстемқызы Айша-Бибі

9-сынып оқушысы Елшибай Ғайни

«Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде қазан айының 20 күні 5-11 сынып оқушылар арасында МП «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының президентінің сайлауы өткізілді. Сайлау өткізілетіндігі туралы хабарлама ілініп, үміткерлер тағайындалды. Үміткерлерге қойылатын талаптар түсіндіріліп, сайлаудың өткізілу барысы таныстырылды.

Сайлауға 3 үміткер өтініш білдірді. Үміткерлеріміз: 9-сынып оқушысы Байсағиева Амина, 9-сынып оқушысы Елшибай Ғайни, 9-сынып оқушысы Рүстемқызы Айша-Бибі. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны 84 сайлаушылар қатысты. Мектеп президенттігіне кандидаттар үшін берілген дауыстар: Елшибай Ғайни 38 дауыс, Байсағиева Амина 17 дауыс, Рүстемқызы Айша-Бибі 29 дауыс. Соның ішінде көп дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Елшибай Ғайни. Үміткеріміз оқу үздігі және аудандық мектепшілік қоғамдық іс-шаралардың белсендісі.

Сайлау рәсімі бұрынғы сайлауға қарағанда ашық түрде дауыс беру арқылы өтті. Сайлау рәсімінде мектеп директоры Денгелбаева Назира Газизқызы және әкімшілік ұжымы, ұстаздар қауымы, оқушылар қатысты. Дауыс беру уақыты 9:30 – да басталып, 17:00 – де аяқталды. Сол күні сайлау комиссиясының төрайымы Жантұрсын М.Ф. сөз сөйлеп, үміткерлердің қанша дауыс жинағанын жариялады.

Сайлауға 100 бюллетень таратылды. Қорытындысы бойынша 84 бюллетень тіркелді.

Ж. Бәрібаев атындағы орта мектепте 15 қыркүйек күні ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыру жайлы фракция мүшелерімен отырыс өтті.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы жалпы ережелер

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;
- 2) жас отбасы - ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, соның ішінде ажырасқан, тұл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы;
- 3) мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;
- 4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым - жастар тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;
- 5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер - жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оналуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;
- 6) жастар ұйымы - негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым;
- 7) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Фракция мүшелері осы ережелермен танысты.

Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі бойынша «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын құру туралы іс-шара жоспары жасақталып, бекітілді. **Мақсаты:** оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Әрбір сыныпта сыныптың көшбасшысы мен фракциялар бойынша көсбасшылар тағайындалды.

5-сынып Марат Ақниет

6-сынып Аймұханбетқызы Аделья

7-сынып Темірбек Азиза

8-сынып Рүстемқызы Айсель

9-сынып Елшібай Ғайни

Қаңтар айында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың зорлық-зомбылықтың, қудалаудың алдын алу» жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру және ескерту жұмыстары жүргізілді. Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Оқушыларды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ол сұрақтар бойынша нақты жауаптар берілді.

«Ақпарат және баспасөз» фракциясы

Қазан айының басында ақпарат фракциясы өзінің жұмысын жоспарға сай бастады.

Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Апарат» фракция негізінде «Жас журналист, жас блогер» жобасы бойынша «Жас спортшы» тақырыбында мектеп оқушыларына арналған блогерлік зерттеу жүргізді. Мектептегі оқушылардың жолдарын зерттеп, отбасы, мектеп тақырыбында блогерлік айдар жүргізіп, еңбектері жайлы толық мағлұмат берді.

Мектебіміздегі Ақпарат фракциясы “Жас блогер” айдары бойынша Интернет желісін кеңінен пайдаланатын жасөспірімдер инстаграмды қалай жүргізу, видео монтаждаудың кейбір мәселелерінен хабардар болды. Сонымен қоса, оқырман (подписчиктер) санының маңыздылығы неде екенін түсінді.

«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы

Қыркүйек айында Ж Бәрібаев атындағы орта мектебі МП өзін-өзі басқару ұйымы СӨС насихаттау мақсатында "Спорт менімен бірге" атты іс-шара өтті. Мектептің мәдениет министрлігінің ұйымдастырған флешмоб биінен басталып, командалық эстафеталық ойын өтті. Осыған орай 5-9 сынып оқушылары флешмоб ұйымдастырды. Дене шынықтыру пәнінің оқытушылары Денгелбаев Н.Г ұйымдастыруымен, Мектеп парламент ұйымының жас спортшылары спорттық ойындарға қатысты. Мектептің алаңында 7-10 сынып оқушылары арасында эстафеталық ойындар бойынша командалық жарыс өтті. 2 команда «Сұңқар» мен «Қырандар» командасы түрлі спорттық ойындар арқылы жарысты. Екі топ та бірдей ұпай жинап тен түсті. Эстафеталық ойынға қатысқан командалар марапатталды.

«Спорт және СӨС» фракция жетекшісі Алимжан Аружан 6-11 сынып оқушылар аралығында «Денсаулықтың 6 шарты-таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында презентация арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен айналысу, дұрыс ұйықтау, демалысты дұрыс ұйымдастыру. Осы мәселелер жайлы түсінік беріп, сұрақтар қойып, әңгіме құрастырды.

«Бақыт және өзін –өзі тану» фракциясы

Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі МП өзін-өзі басқару ұйымының «Бақыт және өзін –өзі тану» фракциясы

«Мейірімге толы жүрек» акциясы ұйымдастырылды. Дана халқымыз «Жылуы жоқ жүрек – құр кеуде», «Мейірім барда – мұңдық жоқ», «Жайылымы болмаса, мал азады, мейірімі болмаса, жан азады», – деп ұрпағын қайырымдылық пен мейірімділікке тәрбиелеген. Айналадағы адамдарға деген мейірім мен қамқорлық адамгершілік пен имандылықтың өлшемі саналады. Жақсылыққа ұмтылған жан алдымен қайырымдылық жасайды. Шыны керек, кейде қамқорлық жасағандарға алғыс айтудан әрі аса алмай жатамыз.

2017 жылдан бастап жүзеге асырылған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты мақсаты – жанашыр жандарды, елге үлгі боларлық азаматтардың тәжірибесін тарату. Осы орайда нарықтың қатал заңына қарамастан, өз кәсібін дөңгелентіп қана қоймай, туған өлкенің дамуына үлес қосып жүрген жанашыр азаматтарды дәріптеу арқылы жастарды елжандылыққа тәрбиелейміз. Ел тарихы тұлғалар арқылы жасалатынын ескерсек, Сыр өңірінде көптің алғысына бөленіп жүрген жандар жетерлік. Бұл – атадан келе жатқан игі дәстүрдің бүгінгі жалғасы, қазақы қасиетіміздің айқын белгісі. Ағайынға болысу, әлсізді демеу, жасы кішіні қолдау – адамзатқа тән мейірімділік пен кеңдіктің көрінісі.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – дей келіп, нақты міндеттерді жүктеген болатын. Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы алты принципке негізделіп, 6 арнайы жоба, 6 кіші бағдарлама арқылы жүзеге асырылуда. «Жомарт жүрек» жобасы маңызды қоғамдық бастамаларды көтеріп, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, коммуналдық шаруашылық және басқа да салалардағы маңызды жобаларды нәтижелі атқарған жанашыр азаматтар мен ұжымдарды мектеп парламенті белсенділерімен акция өтті.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында Ақпан айының 5 і күні 9-11 сынып қыздарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.

«Қамқорлық» фракциясы

Мектеп парламенті «Қамқорлық» фракциясының ұйымдастыруымен 1-қазан – БҰҰ шешіміне сәйкес Халықаралық қарттар күні ретінде мерекеленіп келеді. «Қарттарым - асыл қазынам» демекші, біздің мектептің оқушылары ауыл клубында ардагерлермен кездесу өткізді

Ауыл ардагерлері оқушылардың қойған концерттік бағдарламасын тамашалады. Ауыл әкімі қарттарды мерекелерімен құттықтап, осындай маңызы ерекше іс-шараға қатысып, аз да болса үлкен кісілерге қуанышты көңіл – күй сыйлағаны үшін оқушыларға рахметін айтты. Ауыл ардагерлері өз алғыстарын білдіріп, оқушыларға осылай үлкенге құрмет, кішіге ізет танытарлық жан болуларын тіледі. Оқуда әрдайым озат, белсенді болындар, келешекте үлкен азамат болып өсіңдер деп баталарын берді. Дархан көңіл ақылгөй қарияларымыз бір қуанып, марқайып қалды.

Мақсаты: асыл қазынамыз қарттарымызды аялауға, құрметтеуге, сый-құрмет көрсетуге, әрдайым үй шаруасында жәрдемдесіп, көмек көрсетіп отыруға тәрбиелеу

Мектеп парламенті «Қайырымдылық» фракциясы негізінде оқушылар арасында өткен «Қоғамға қызмет ет» акциясы өтті. Мектеп оқушылары арасында қайырымдылық жайлы түсінік жұмыстары жүргізіліп, қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің бір күнін үлкен кісілерге қолұштарын беруге жұмсады.

Мақсаты: Қайырымдылық жайлы оқушыларға ой беру, мейірімділік жайлы ой бөлісу. Өз бойларында бір-біріне деген мейірімділік, қамқорлық сезімдерін ояту.

Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға, үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, аның ақ сүтін өтеу - біздің борышымыз. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Қайырымдылық отбасынан басталып, қоғам, дос, мектеп арасында әр балада болу керек жайлы сөз қозғалып ұйымдастырылған таныстырылыммен оқушыларды таныстырды.

“Үміт сәулесі” Акцияның мақсаты: Дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани дәрежесіне тән иманды, ибалы, үлкенге құрмет, кішіге ізет, бойында игі қасиеттері мол қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу. Халықтың тілін, салт-дәстүрін оқушының бойына сіңіру. Оқушыларды елжандылыққа, достыққа, қайырымдылыққа баулу. Қазақта «Жақсыдан – шарапат, жаманнан - кесепат» деген мақал бар. Осы мақал арқылы оқушылардың ой пікірлері сұралды. Оқушылар өз ойын ашық нақты жеткізе білді. Адамдық асыл қасиеттерге әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, әділдік, өзара көмек, достық, үлкенді сыйлау, жатады. Осы туралы мақал-мәтелдер айтылды. Оқушыларға сұрақтар қойылды. 1. Адамдар бірін-бірі көргенде қандай сөз айтады?/сәлемдесу/ 2. Бала бойындағы жақсы қасиеттердің бірі?/әдепті/ 3. Жақсы оқитын, көп білетін оқушыны қандай оқушы дейді?/білімді/ 4. Отбасында ата-аналар, мектепте ұстаздар баланы неге баулиды?/тәрбие Оқушылар өте жақсы деңгейде жауап берді. Оқушыларға жағдаят сұрақтар қойылды. Оқушылар өмірмен байланыстыра отырып, қойылған жағдаят сұрақтарға нақты жауап бере білді. Оқушылар белсене қатысты.

«Дебат қозғалысы» фракциясы

Қыркүйек айының 23- жұлдызы күні

Мектепішілік 8-9 сынып арасында «Ақындар айтысының ел дамуына үлесі бар ма?» тақырыбында дебаттық жарыс өтті. Үздік спикер Рүстемқызы Айсель мен Елшібай Ғайни атаңды. Осы пікірталаста 9-сынып оқушылары 1-орынға ие болды. Дебаттық ойындар мектебімізде көптеген тақырыптарда жоспарланып отыр.

Мектеп парламенті «Дебат» фракциясы негізінде қазан айының 2 аптасында 9- сынып арасында «Абайдың толық адам ілімі» тақырыбында дебаттық жарыс өтті. 1-топ спикерлері Темірбек Дінмұхаммед , Елшібек Нұрали. 2-топ спикерлері Қуан Нұрай, Тұмарбай Ақмаржан. Үкімет 1-топ спикерлері, оппозиция 2-топ жеребе бойынша анықталды. Әр топтың спикері өз бағыты бойынша отансүйгіштік, байлық, рухани байлық, жастар тағы басқа көптеген мәселелер жайлы сөз сөлеп,әр топтың үздік спикері анықталды. 1-топтың үздік спикері Темірбек Дінмұхаммед, 2-топтың үздік спикері Қуан Нұрай. Бірінші топтың балл саны 2-топтың балл санынан артық болып, ұлдар командасы 1-орынға ие болды. Спикерлер өз тарапынан қорытынды жасап, ұсыныс тастады.

7-8 сыныптар аралығында “Сәлем сөздің патшасы” атты мектепішілік дебат пікірсайыс алаңы өтті. 7-сыныптан Үкімет болып 1-ші спикер Жандосқызы Шырын, 2-ші спикер Елшібай Қанағат. 8-сыныптан Оппозиция ретінде 1-ші спикер Рүстемқызы Айсель және 2-ші спикер Елшібай Зере қатысты.

Дебат фракция министрі Байсағиева Алина соңында сараптама жасап, оқушылар номинациялармен марапатталды.

«Экология және еңбек» фракциясы «ЭКОМЕКТЕП» жобасы

МП өзін-өзі басқару ұйымы "Экология және еңбек " фракциясы "ЭКОМЕКТЕП" жобасы аясында апта соңында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза мектеп, таза сынып» тазалық күнін ұйымдастырды. Экология фракция жетекшісі сыныптардың тазалығын тексеріп оларға сараптама жасалды. Ең таза сыныптар марапатталып жүлделі орындар берілді.

Қаңтар айының 21 күні «Қалдықтарды табысқа айландырайық» көрмесі өтті. Мақсаты:-Оқушыларды қоршаған ортаны аялауға уйрете отырып, қалдықтарды қайта өңдеуге,пластикалық , қағаз қалдықтарды табысқа айналдыруға баулу.Оқушылар қызығушылық танытып,түрлі қызықты бұйымдар әзрледі

"Экологиялық калейдоскоп" — викториналық ойын. 15 наурыз күні Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінде 9 сынып оқушыларына "Экологиялық калейдоскоп" викторина ойынын өткізді. Іс-шара барысында оқушылар әлемдегі экологиялық жағдай туралы көп ақпарат алды, өздерінің жеке бақылауларымен бөлісті, табиғатты сақтау үшін мәдени мінез-құлықтың негізгі ережелері туралы айтты. Ойын-викторина кезінде 8-сынып оқушылары екі командаға бөлініп, блиц сұрақтарына жауап берді, экологиялық тақырыптағы жұмбақтарды шешті, пентонимдерді ашты, тіпті алфавитті еске түсіріп, ұпайлары бар белгілерді тапты. Іс-шара жиналған ұпайларды санаумен және командаларды грамоталармен марапаттаумен аяқталды.

Бәрібаев атындағы орта мектебі МП өзін-өзі басқару ұйымы “Экология және еңбек” фракциясы “ЭкоМектеп” жобасын жоспарға сай бастады Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МП өзін-өзі басқару ұйымы “Экология және еңбек” фракциясы “ ЭКОМЕКТЕП “ жобасы аясында

“Мектепке бір гүл” акциясы етуде. Мақсаты: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, аналар мектебімен бірігіп жұмыс жасау, мектепке деген құрмет сезімін ояту. “Қызғалдақ” қыздар ұйымының жетекшісі Жандосқызы Шырын мектепке арнап анасымен бірге гүл егіп, мектепке сыйлады. Челленджді Темірбек Азизаға жолдады.

Ж. Бәрібаев атындағы орта мектебі МП өзін-өзі басқару ұйымы “Экология және еңбек” фракциясы “ЭКОМЕКТЕП” жобасы.

“Мектепке бір ағаш сыйлау” акциясын мәдениет фракциясының министірі 8-сынып оқушысы Марат Расул мектеп ауласына ағаш екті.

Мақсаты: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, еңбексүйгіштікке, әкелер мектебімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. Отбасы, мектепке деген құрмет сезімін арттыру.

Акция бойынша челленджін 8-сынып оқушысы Алымжан Арнур қабылдап алып, спорт министрі Елшібек Нұралиге жолдады.

«Мәдениет және өнер» фракциясы

Балқаш аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №735 хатына сәйкес Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебінде алғашқы қоңырау салтанатты жиыны «Мектеп мейір мекені» салтанатты жиын өткізілді. Мектеп ауласы безендіріліп, ашық алаңда өткізілді. Салтанатты жиынға ауыл ақсақалы Қалисанова Галия, Ақжар ауылдық округінің әкімі Уркинбаев Айдын Темирбекович, ардагер ұстаздар, 1-сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Салтанатты жиын жоспарға сәйкес жүргізілді. Мектеп директоры Деңгелбаева Назира Ғазизқызы алғашқы құттықтау сөз сөйлеп, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге жүрек жарды лебізін білдірді. Шара барысында 1 сынып оқушылары тақпақ айтып, өлең жырларын арнады. Сондай -ақ қоңырау соғу рәсімі бойынша алғашқы қоңырауды 1-сынып табалдырығын аттап отырған оқушылар соқты. Салтанатты жиын өз деңгейінде өтті. Сонымен қатар 2-11 сынып оқушыларына «Мектеп мейір мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаты әр сынып өз кабинеттерінде әр сыныптың жас ерекшелігін ескере отырып, көрнекті құралдарды пайдаланып, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып өткізілді. Сынып сағат барысында оқушылар тәуелсіздікке қалай жеткендігіміз туралы өз ойларын ортаға салып, тәуелсіздікке арналған өлең, жырларын да оқыды, еңбек, отаншылдық жайлы әңгіме жүргізді.

2023 жылдың 17 қараша күні 1-6 сыныптар арасында және де 7-11 сыныптар аралығында «Алтын жапырақ төккен күз» кеші өткізілді. Өзінің айырықша өткізілуімен және қуанышты көңіл-күй сыйлаумен ерекшеленетін аталмыш байқау негізінде оқушылардың шығармашылық, эстетикалық және командалық, жүйелі жұмыс істей білу секілді ізгі қарым-қабілеттерін шыңдауды мақсат етеді.

2023 жылдың 25-28 желтоқсан аралығында мектебіміздің спорт залында жаңа жылдық шырша құрылып және безендіріліп мектеп алды даярлық топтары мен 1-11 сынып оқушыларына өзін – өзі басқару парламенттері мен «Жас Ұлан» балалар ұйымының ұйымдастыруымен «Жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман!» атты тақырыбында ертеңгіліктер мен бал-маскарадтар өткізілді. Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен бал – маскарадтарға арнайы бұйрық шығарылып, жоспар құрылып сол бұйрық бойынша қауіпсіздік шараларын ұстанып, кезекшілікке мұғалімдер қойылды.

Жоспардан тыс іс-шаралар

Мектебіміздің “Өзін-өзі басқару” ұйымы” Таза Қазақстан” акциясы аясында «Тазалық -табалдырықтан басталады» күнін өткізді.Тазалықты мектеп ауласына жүргізіп, абаттандыру жұмыстарына атсалысты.

<https://www.instagram.com/reel/C5qDChQAS0r/?igsh=ZTBqMDJwY2hyY3V6>

Ақжар ауылы, “Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО”МКМ-де Балқаш ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық

“Жас мерген-2024” әскери-патриоттық байқауы өтті

<https://www.instagram.com/reel/C4NZgMeieNF/?igsh=azc3bTZhdXFlZ2tn>

Ақпарат фракциясының министрі Рүстемқызы Айсель “Досболlike: Достық қолын ұсын” акциясын қолдады

<https://www.instagram.com/reel/C2l92KlCuzM/?igsh=MTAxMnN3MmFrNnIycw==>

Күтілетін нәтиже : Өзін-өзі басқару жүйесінде өз алдына үлкен мақсат қоя білетін, терең білімді, саналы, тәрбиелі, тәртіпті, өнегелі, өз дарынын, өзінің жақсы қасиеттерін, мектеп игілігіне қолдана білетін, тұлға қалыптасады.

Оқушылар президентінің міндеті: (2023-2024 оқу жылына)

-Мектеп өміріне қамқор болу;

-Танымдық іс-шаралар жүргізу;

-Әрбір фракция жетекшілерінің жұмыстарын үйлестіру;

-Оқушылар қауымдастығымен жұмыс жасау;

Ұланбасының міндеті: Оқушылар Президентімен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау арқылы мектеп ережелерінің сақталуын министрлермен бірге тексеру, қадағалау, рейд жасау және тоқсандық есеп беру.

Мақсаты: Мектеп оқушыларын метептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі бағыттауға, шешім қабылдауға тәрбиелеу, қалыптастыру.

SWOT- талдау

Күшті жақтары 1. өзін-өзі басқару саласындағы жаңашылдық 2. Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалардың атқарылуы 3.Мектеп оқушылары қоғамдық өмірге бейімделеді. 4.Адал, мейірімді және белсенді тәрбиелі тұлғалар қалыптасады. 5.Балалар мен жастардың өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлі артады. 6. Оқушылар қауымдастығымен жұмыс жасауы 6. Өзін-өзі басқару арқылы бала үлкен әміріне дайындалып, қоғамда өз орнын алуы 7. Өзіне деген үлкен сенімге мүмкіндік береді 8. Шығармашылық потенциалы ашылады, көшбасшы қалыптасады 9.Балаға кәп нәрсені дарытады, саналы жауапкершілікті болуға, орындаушыл, өз бетінше өмір шешім қабылдауға үйретеді.	Әлсіз жақтары 1. Білім беру арасындағы сабақтастықтың әлсіздігі 2. Ақпараттандыру құралдардың төмендігі 3. Мектеп парламенті оқушылардың кабинетінің жетіспеушілігі 4. Өзінше жұмыс жасауының әлде де аздығы 5. Кейбір оқушылардың мектеп өміріне қызығушылығының төмендігі 6. Тьюторлық қызметтің мүлдем мектеп парламентімен жұмыс жасамауы
Мүмкіндіктері 1. Мектепті дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға мүмкіндігіміз бар 2.Үштік одақтың байланысы арқылы мектепті дамытуға, қоғамдастықтың жұмысын жолға қоюға мүмкіндік бар; 3.	Қауіп - қатерлері 1. іс-шаралардың көптігінен білім сапасының төмендеу қаупі; 2.көптеген қауіпті сайттардың қолжетімділігі, 3.оқушылардың компьютерге, планшетке тәуелділігі

Мектептегі тәрбие бағытын дамытуға арналған жобалар бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі жолға қойылады. 4. Адамгершілік, патриоттық, салауаттылық т.б тәрбиесі қалыптасады, мектеп дәстүрі болады 5. Өзін-өзі басқару арқылы бала үлкен әміріне дайындалып, қоғамда өз орнын алуы 6. өзіне деген үлкен сенімге мүмкіндік береді 7. Шығармашылық потенциалын ашуға мүмкіндік, өз басқару біліктерінді іске асыру	
--	--

Педагог-ұйымдастырушы:

Жантұрсын М.Ф.

Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының 2023-2024 оқу жылындағы

атқарылған жұмыстар есебі

2023 жылы қыркүйек айында жемқорлыққа қарсы білім беру, жемқорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, жылдық жоспар бекітілді. Ұйым мүшелері сайланып, бекітілді.

Ұйым басшысы 9-сынып оқушысы Байсағиева Амина сайланды

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының мақсаты: Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын нығайту, білім және мәдени деңгейін арттыру.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының міндеттері: Рухани –адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру, саяси құқықтық білімді қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ережесі:

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

Ұжым: 1-11 -сынып оқушылары .

Құрылымы

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

Қыркүйек айында 5-10 сынып аралығында «Адал ұрпақ» ұйымына оқушыларды қабылдау мақсатында салтанатты жиын өтті. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының басшысы 9-сынып оқушысы Байсағиева Амина, секция жетекшілері Темірбек Дінмұхаммед, Рүстемқызы Айсель, Елшібай Зере , Марат Расул. Мектеп директоры бұйрығы негізінде жылдық жоспар құрылып, бекітілді, жоспарға 1-11 сынып сағаттары енгізілді. 3 бағыт бойынша жоспар құрылды, бекітілді. Жоспар бойынша іс-шаралар өтілді.

Ашықтық пен әділдікке негізделген азаматтық қоғам құру - қазіргі күннің басты талабы. Осыған орай, мектепте сыбайлас жемқорлыққа байланысты ақпарат беру және оны қоғамға насихаттау мақсатында Педагог ұйымдастырушы Жантұрсын М. және «Адал ұрпақ ұйымының» басшысы Байсағиева Амина түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Құқықтық оқу және түсіндіру барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын, оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді. Уәкілетті орган қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес, қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін айтты. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Мектебімізде қазан айында сынып жетекшілер және Адал ұрпақ ұйымының ұйымдастыруымен «Жемқорлық індет-жою міндет» атты тақырыбында оқушылар арасында эссе жазды. Мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, «жемқорлық» деген не екені жайлы түсінігін кеңейту, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттері дамиды, дүниетанымдары кеңейеді, патриоттық тәрбие қалыптасады. Қыркүйек айында 8-сыныпта жоспарланған сынып сағаты «Адал азамат-әділетті Қазақстан» тақырыбында өткізілді. Сынып сағатына оқушылар толық қатысты. Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ұғындыру. Адами қарым –қатынастағы адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы, туралы түсіндіру; Оқушылардың адалдық пен әділдікті, кішіпейілділікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал ету;

Құндылықтар Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу

Сабақ ойын түрінде өткізіліп «Құпия хаттар» ойыны арқылы өткізілді. Әр топқа құпия хаттар таратылып берілді. Оқушылар хатты талдап сабақты қорытындылайды. Конверттер таратылды. . Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып тақтаға жабыстырды. Адамдық борыш ар үшін, Барша адамзат қамы үшін. Серт берген еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін. Деп сабағымызды аяқтады. 1 Тойбаева Ғ.К. «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында өткізілген сынып сағаты . Қыркүйек айының 27-сі күні 1-сынып оқушыларымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Қоғам игілігі үшін қызмет ету; адал еңбекті құрметтеу; уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау; Мұғалім жемқорлық туралы жалпы түсінік берді. Оқушылар жемқорлық сөзінің мағынасы жайлы айтты. Оқушылар жемқорлық деген сөздің мағынасын түсініп, оған қарсылықтарын білдірді. «Мен жемқорлыққа қарсымын!» атты салған суреттерін қорғады. Жантұрсын М.Ф «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» Қазан айының 11-і күні 6-сыныпта жоспарланған сынып сағаты «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында өткізілді. Сынып сағатына оқушылар толық қатысты. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

7 сынып оқушылармен «Адал ұрпақ» шара бойынша «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз атты сынып сағаты өтті Сынып сағатының мақсаты «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсініріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде- бір мемлекеті , бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беріліп кетті. Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары: қоғамның бағытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне көленке түсіреді., жұртшылықтың заң мен әділдікке , билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік актілер қабылданған. Оларға «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл». Бұл сабақтан оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық.

Қараша айының 22-де 9-сыныптың оқушыларымен жоспарланған сынып сағаты «Адал ұрпақ» шара бойынша «Жемқорлықсыз ел-гүлденген ел!» атты сынып сағаты өтті.

«Жемқорлықсыз ел-гүлденген ел» тақырыбында өткізілді. Сынып сағатына оқушылар толық қатысты. Мақсаты: Оқушыларға « Жемқорлықсыз ел - гүлденген ел» деген ұғымды түсіндіріп, пайда

болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Патриоттық тәрбие қалыптастыру. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті болып өсуіне тәрбиелеу.

Адалдық пен әділдік туралы түсінік бере отырып ақиқат құндылығының мәнін ұғындыру. Адами қарым -қатынастаты адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы, туралы түсіндіру;

Оқушылардың адалдық пен әділдікті , кішіпейілділікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал ету,

Құндылықтар Ұлттық мүдде: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу.

Сабақ ойын түрінде өткізіліп «Құпия хаттар» ойыны арқылы өткізілді. Әр топқа құпия хаттар таратылып берілді. Оқушылар хатты талдап сабақты қорытындылайды. «Ой жалғау», Конверттер таратылды. Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып тақтаға жабыстырды. Адамдық борыш ар үшін, Барша адамзат қамы үшін. Серт берген еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін-деп сабағымызды аяқтадық. Қараша айында 11-сынып жетекшісі Нурымбетова Гульнар «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Сынып сағатының мақсаты: “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру 2024 жылдың 6 ақпан айында «Жемқорлық-құқық бұзушылық картасы» тақырыбында әңгіме, дөңгелек үстел ретінде өтілді.

Негізгі мақсаты: оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру бойынша ағарту және тәрбие жұмысы. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тетіктерін жастардың қатысуымен айқындау. Мектептің 5-9 сынып оқушыларынан 26 қатысушы қатысты. Оқушылар өз ойларын айқын жеткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру мақсатында "Адал ұрпақ" еріктілер клубының ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар арасында өткен "Адал және сатылмайтын еңбек" атты

сурет байқауына қатысқан оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Барлық қатысушыларға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірілді. 12 наурыз күні мектебіміздің кітапханасында 6-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес баршамызға ортақ» атты дөңгелек үстел өткізілді. Кітапханашы және педагог-ұйымдастырушы Жантұрсын Мадина оқушыларға сыбайлас жемқорлық, пара туралы түсінік беріп, мысалдар келтірді. Оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және олардың назарын қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл проблемасына аудару мақсатында, 2024 жылдың 19-қаңтарында мектеп оқушылары мен ұстаздарына «Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубымен ұйымдастырылған «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» атты театрлық қойылым өткізілді. Қойылым барысында клуб мүшелері барлық актерлық шеберліктерін ортаға салды. Көрермендердің пікіріне сүйенетін болсақ, қойылым залдағы әрбір адамның ой-санасына жүрегіне жетті деп ойлаймыз.

Соңында «Адал ұрпақ» клубының белсенді мүшесі Байсағиева Амина: «Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу – әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та әрі адамзаттық парызы», -деп іс-шараны аяқтады.

2024 жылғы 13-17 мамыр аралығында «Жемқорлықсыз қоғам» мектепшілік бейнероликтер байқауы өткізілді.

Бұл байқаудың мақсаты - оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, салық және кеден заңнамасы саласындағы мәселелерді білуді қалыптастыру болды.

Байқауға 5-9 сынып аралығы қатысып, 5 бейнеролик ұсынылды.

Осы байқаудың қорытындысы бойынша жүлдегерлер грамоталармен және тәтті сыйлықтармен марапатталды:

1 орын - 9-сынып оқушылары

2 орын – 7-сынып оқушылары

3 орын - 5-сынып оқушылары.

Қалған қатысушыларға қатысқаны үшін сертификаттар табысталды.

1 дәлел: «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау,

жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің, қоғамдағы адамдардың сатқындығы ретінде сипаттайды.

2дәлел:Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазіргі таңда теледидардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау сынды қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалып жатыр. 3дәлел:Дәлел ретінде ала кетсек, қазір дәрігерге қаралу мәселесі күрделенуде. Енді дәрігерлердің пациентті қарағысы келмесе, қарсылық білдіре алу құқығы берілуде. Бұл дегеніміз ауырып ем іздеп барған жанның пара беріп, жылдам қаралу жолын іздейді деген сөз. Өзіміз оқып жүрген мектеп аясында да осы сыбайластықтың басы белең алуда. Балалардың темір ұрлау, яғни бөтен мүлікті иелену, сатуы. Бұл да жемқорлыққа бастар жол деген сөз.Меніңше, бұл қоғамда жемқорлықты жою мүмкін емес. Заңнамалар арқылы азайтқанымен, тамырымен жойылған емес. Сыбайлас жемқорлық болмаған жерде бәсеке болмауы мүмкін. Себебі, аудандық, облыстық байқауларда жүлделер «Бармақ басты, көз қыстының қолында кететінін көріп те жүрміз.»Біздің пайымдауымызша сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жая беретіндігі белгілі

Қорытынды:Біздің қоғамды сыбайлас жемқорлықсыз елестету мүмкін емес. Ауқымы жылдан-жылға ұлғайып, қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кесел тереңнен құлаш жаюда. Біздің мемлекетіміздің кемістігі осы қоғамды шарпып жатқан кеселдер болса керек. Түбі жоқ терең шыңырау десек те болады.

Президентіміз Тоқаев Қ.К қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білеміз. Біздің «Адал ұрпақ» ерікті клубы жемқорлықтың жолын кесіп, байтақ қазақ елінің гүлденуіне, шарықтауына өз үлесін қосады деп сенім білдіреміз.

Ж. Бәрібаев атындағы орта мектептебінде 1-11 сынып арасында «Адал ұрпақ» ұйымы жұмыс жасауда. Жоспарға сай іс-шаралар, адалдық сағаттар, сынып сағаттары өз уақытында өтіп жатты, оқушылар сыбайлас жемқорлық жайлы ақпарат алып, іс-шараларға қатысты.

Педагог-ұйымдастырушы:

Жантұрсын М